



**№ 2 (38)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Б.М. ИМАШЕВТЫҢ 2015 жылғы 13 мамырдағы Парламент
Мәжілісінің жалпы отырысында «Жеке детективтік қызмет
туралы» Заң жобасы бойынша сөйлеген сөзі 7

Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б. ИМАШЕВ-
ТЫҢ «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер-
дің құқық үстемдігі идеясы» атты ғылыми-практикалық
конференцияда сөйлеген сөзі (Ресей, Санкт-Петербург қ.,
2015 жылғы 26 мамыр) 10

2015 жылғы 15 мамырда «Қазақстан Республикасы
салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері»
тақырыбында Н.А.Шәйкеновті еске алуға арналған
(«Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияда Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары З.Х. БАЙМОЛДИНАНЫҢ алғы сөзі. 13

Конституциялық және әкімшілік құқық 15

М.А. СӨРСЕМБАЕВ Алматы қаласындағы төтенше жағдай-
лар тәуекелін қаржылық құралдар мен заңнамалар арқылы
төмендету 15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БӨРІБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Әлеуметтік
қарым-қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеу 22
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Өзін-өзі билеуге орай
«ұлт құқығы» мен «халықтар құқығы» ұғымдарын теориялық-
құқықтық талдау 30
М.И. ЖҰМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасының әкімшілік
сот ісін жүргізу туралы кодекс жобасын әзірлеу жолында:
әкімшілік сот ісін жүргізу саласында сыбайлас жемқорлық
профилактикасы 36

Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы 43

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ҚАЛКЕНОВА Мүлікті меншікке
беру шарттарының жекелеген түрлері ретінде айырбас және
сыйға тарту шарттарын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері 43
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Ресей мен Қазақстандағы балаларды
қолдау саласындағы жағдайды талдау: проблемалар және
стратегия 48
Е.Н. НҮРҒАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Қазақстан Респуб-
ликасындағы еңбек қатынастарын ырықтандырудың құқық-
тық мәселелері 56

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу 64

А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛҒЫНТАЕВ Қылмыстық процестік келісімді құқықтық реттеудің олқылықтары	64
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Герман Федеративтік Республикасы заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы ..	75
А.Ш. АККУЛЕВ Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-атқару кодексіндегі бостандықтан айыру орындарының атауын өзгерту мәселелері	79

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 83

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнаманы сәйкестендірудің маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында)	83
А.Ж. САҒИДАН, М.Е. ЖҰМАБАЕВА Шет елдерде автономды мемлекеттік қызметтің жұмысын ұйымдастыру.....	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Заң жобаларына сараптама жүргізудің құқықтық реттелуі	99

Құқықтық мониторинг 105

Т.С. САФАРОВА Құқықтық саясаттың кейбір теориялық мәселелері: Қазақстан Республикасы және шетелдік тәжірибе	105
А.К. ҚАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Қылмыстық-құқық сипаттағы қоғамдық қауіпсіздік (жаңа енгізілім мониторингі)	110
А.Д. ЖҮСПОВ Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының келтірген залалын өтеу ерекшеліктері	118
З.Ғ. ҚАЗИЕВ Қазақстан Республикасында құқықтық мониторингі жетілдірудің кейбір мәселелері	123

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 127

М.А. АЙЫМБЕТОВ Терминдердің заң лексикасымен және стилімен үйлесімі	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Заңнама мәтінінде терминдер мен сөз тіркестерін нақты әрі дәлме-дәл қолданудың шарттары	131

Шетелдік тәжірибе 136

Р.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) The special status of minors subject of administrative responsibility (Әкімшілік жауаптылық субъектісі болып табылатын кәмелетке толмаған-дардың ерекше мәртебесі)	136
Н.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістемесі)	142
Н.А. ЖЕРЖ (Ирпень қ., Киев облысы) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу барысында психологиялық-криминалистикалық портрет әдісін қолдану)	147

Жас ғалым мінбері 153

С.К. КҮМІСБЕКОВ Девиантты мінез-құлық ұғымы туралы	153
К.Р. ТҮСІПБЕКОВ Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесіндегі жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдаланудың кейбір аспектілері	160
А.З. АМАНҒАЛИЕВА Факторинг қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы	164
Ж.А. МАМИТОВА Бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдаланудың криминализациялануы туралы	172

Е.А. ОМАРОВ Қазақстанда қылмысқа қарсы күресте өзара көмек көрсету институтының пайда болуының алғышарттары	176
М.Н. АБИЛОВА Халықаралық жеке құқықтағы заңды айналып өтуге тыйым салатын норманың мәні туралы мәселеге	182
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарышта қару-жаракты орналастырғаны үшін халықаралық-құқықтық жауапкершілік	188
А.Ж. САДЫҚОВ Квазимемлекеттік сектор қызметі саласындағы халықаралық тәжірибе...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауапкершілік мәселелері бойынша шетелдік заңнаманы талдау	196
<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	202
2015 ж. 15 мамырда Астана қ. өткізілген «Қазақстан Республикасы салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері» атты Н.А. Шәйкеновты еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	202
<i>Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері</i>	205



**№ 2 (38)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на пленарном заседании Мажилиса Парла- мента 13 мая 2015 года по рассмотрению проекта Закона «О частной детективной деятельности»	7
Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на научно-практической конференции «Идея верховенства права в государствах-членах Шанхайской организации сотрудничества» (26 мая 2015 г., г. Санкт- Петербург, Россия)	10
Приветственное слово заместителя Министра юстиции Республики Казахстан БАЙМОЛДИНОЙ З.Х. на международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения») 15 мая 2015 года.	13
Конституционное и административное право	15
М.А. САРСЕМБАЕВ Снижать риски чрезвычайных ситуаций в городе Алматы посредством финансов и законов	15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БУРИБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Консти- туционно-правовое регулирование социальных отношений ..	22
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Теоретико-правовой анализ понятий «право наций» и «право народов» на само- определение	30
М.И. ЖУМАГУЛОВ На пути формирования проекта Кодекса Республики Казахстан об административном судопроизводстве: профилактика коррупции в области административного судопроизводства.....	36
Гражданское и гражданско-процессуальное право	43
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. КАЛКЕНОВА Некоторые про- блемы правового регулирования договоров мены и дарения как отдельных видов договоров по передаче имущества в собственность	43
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА Анализ ситуации в сфере алиментов на детей в России и Казахстане: проблемы и стратегия	48
Е.Н. НУРГАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Правовые вопросы либерализации трудовых отношений в Республике Казахстан	56

Уголовное право и уголовный процесс	64
А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛГЫНТАЕВ Пробелы правового регулирования уголовно-процессуального соглашения	64
Р.А. ОРСАЕВА Роль семьи в предупреждении правонарушений несовершеннолетних (уголовно-правовая и криминологическая характеристика)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Уголовная ответственность несовершеннолетних по законодательству Республики Казахстан, Российской Федерации и Федеративной Республики Германии	75
А.Ш. АККУЛЕВ Вопросы наименования мест лишения свободы по новому Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан	79
Международное право и сравнительное правоведение	83
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ)	83
А.Ж. САГИДАН, М.Е. ЖУМАБАЕВА Организация деятельности автономной государственной службы в зарубежных странах	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовое регулирование проведения экспертизы законопроектов	99
Правовой мониторинг	105
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические вопросы правовой политики: Республика Казахстан и зарубежный опыт	105
А.К. КАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Общественная безопасность в уголовно-правовой оболочке (мониторинг нововведений)	110
А.Д. ЖУСУПОВ Особенности возмещения вреда, причиненного налоговыми органами и их должностными лицами	118
З.Г. КАЗИЕВ Некоторые вопросы совершенствования правового мониторинга в Республике Казахстан	123
Из практики законотворчества на государственном языке	127
М.А. АЙЫМБЕТОВ Гармонизация терминов в аспекте законодательной лексики и стилистики	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Условия точного применения терминов и словосочетаний в законодательстве	131
Зарубежный опыт	136
Р.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) The special status of minors subject of administrative responsibility (Особый статус несовершеннолетних субъекта административной ответственности)	136
Н.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Криминалистическая методика расследования преступлений, связанных с коррупцией)	142
Н.А. ЖЕРЖ (г. Ирпень Киевская обл.) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Применение метода психолого-криминалистического портрета при расследовании отдельных видов преступлений).....	147
Трибуна молодого ученого	153
С.К. КУМИСБЕКОВ О понятии девиантного поведения	153
К.Р. ТУСУПБЕКОВ Некоторые аспекты использования результатов оперативно-розыскной деятельности в процессе доказывания по уголовным делам	160
А.З. АМАНГАЛИЕВА Законодательство Республики Казахстан, регулирующее факторинговые отношения	164

Ж.А. МАМИТОВА О криминализации нецелевого использования бюджетных средств	172
Е.А. ОМАРОВ Предпосылки зарождения института взаимопомощи в борьбе с преступностью в Казахстане	176
М.Н. АБИЛОВА К вопросу о значении нормы, запрещающей обход закона в международном частном праве	182
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за размещение оружия в космосе	188
А.Ж. САДЫКОВ Зарубежный опыт в сфере деятельности квазигосударственного сектора...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Анализ зарубежного законодательства в вопросах ответственности за отдельные виды уголовных правонарушений против личности	196
Информационные сообщения	202
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 15 мая 2015 года	202
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	205



Аманғалиева Айжан Зинғалиқызы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің
«Құқық және басқару негіздері» кафедрасының оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі

ФАКТОРИНГ ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫ

Факторингтің бірегей құқықтық негізін құру үшін 1988 жылы 28 мамырда Канадада Оттава қаласында «Халықаралық факторинг туралы» УНИДРУА Конвенциясы қабылданған. Атап өтсек, УНИДРУА (жеке құқықты унификациялау жөніндегі Халықаралық институт, UNIDROIT) – 1926 жылы Ұлттар Лигасы басшылығымен сауда заңнамасын сәйкестендіру мақсатында құрылған Мемлекетаралық ұйым, қазіргі кезде БҰҰ жанында қызмет атқарады. 1988 жылы институт Оттавада халықаралық факторинг пен халықаралық қаржы лизингі туралы конвенция жобаларын қабылдау жөнінде дипломатиялық конференцияны өткізеді. Осы конференцияның қорытынды құжаты «Халықаралық факторинг туралы» УНИДРУА Конвенциясы (UNIDROIT Convention on International Factoring) болып табылады. Аталған Конвенция қабылданғаннан кейін бірқатар мемлекеттердің азаматтық құқық жүйесіне факторинг ұғымы енгізіледі [1].

Бұл Конвенция халықаралық факторингтік операцияларының халықаралық сауда дамуында маңызды роль атқаратынын дәлелдейді, оның мақсаты - белгілі бір құқықтық шектер белгілейтін ортақ ережелерді бекіту арқылы халықаралық факторингтік операцияларын жеңілдету және факторингке қатысушы тараптар мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Аталған Конвенцияның 1-бабына сәйкес, «фактор операциялары бойынша контрактілерге» бір тараппен (тауар беруші) және екінші тараппен (фактор операциялары фирмасы, кейіннен цессионарий деп аталатын) жасалған шарт және оған сәйкес:

а) тауар беруші цессионарийге тауарларды сату бойынша, негізінен жеке өзіне, отбасылық не үй ішіне пайдалануға сатып алынған тауарларды қоспағанда, тауар беруші мен оның тапсырыс берушілері (дебиторлары)

арасында жасалған шарттарынан туындайтын, міндеттемелік талаптарын беруі мүмкін не беруі тиіс;

б) цессионарий өзіне кем дегенде келесідей екі міндеттерді алуы тиіс:

- заем не алдын ала төлем төлеу арқылы тауар берушіні қаржыландыру;

- міндеттемелік талаптар бойынша есеп-шот жүргізу;

- дебиторлардан ақшалай қаражат алу;

- дебиторлардың төлем қабілетсіздігі жағдайынан қорғау;

- дебиторлық берешектердің қаржы агентіне берілгендігі дебиторларға хабарлануы тиіс.

Бұл Конвенцияға (1995 жылы 1 мамырда күшіне енді) келесідей мемлекеттер қол қойған: Гана, Гвинея, Нигерия, Филиппины, Танзания, Марокко, Франция, Чехословакия, Финляндия, Италия, Бельгия, США, Панама. Ал кейіннен бұл маңызды халықаралық актіні Венгрия 07.05.96 ж., Латвия 06.08.97 ж., Украина 05.12.2006 ж., Ресей Федерациясы 22.08.2014 жылы ратификациялаған. Конвенцияда бекітілген ережелер негіз, үлгі ретінде көптеген мемлекеттердің заң шығарушы органдарымен шарттың осы түрін арнайы құқықтық реттеу мен заң нормаларын әзірлеу кезінде қолданылады. Айта кететін жайт, Конвенция материалдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің факторинг туралы тиісті нормаларын қабылдау кезінде отандық заң шығарушылармен де қолданылған. Өкінішке орай, қазіргі кезге дейін Қазақстан Республикасы УНИДРУА Конвенциясының қатысушысы болып табылмайды [2].

Сонымен бірге, халықаралық факторинг қатынастарын реттеуде халықаралық сауда құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясымен (ЮНСИТРАЛ) әзірленген, 2001 жылы 12 жел-

тоқсанда Нью-Йорк қаласында қабылданған халықаралық саудада дебиторлық берешекті беру туралы БҰҰ Конвенциясының маңызы зор. Осы Конвенцияның 38-бабының 2-тармағына сәйкес, ол халықаралық факторинг туралы Оттава конвенциясына қатысты басым күшке ие. Алайда қазіргі кезде осы БҰҰ Конвенциясы күшіне енген жоқ. Халықаралық саудада дебиторлық берешекті беру туралы БҰҰ Конвенциясының 45-бабына сәйкес, ол бесінші ратификациялау немесе қабылдау, бекіту не қосылу туралы құжатты депозитарийге сақтауға берілген күннен алты ай өткеннен кейінгі айдың бірінші күні күшіне енеді. Ал қазіргі таңда оған 3 мемлекет – Люксембург, Мадагаскар, АҚШ қол қойған және Либерия мемлекеті қосылған [3]. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасы осы аталған Нью-Йорк конвенциясын да ратификациялаған жоқ.

Халықаралық факторинг қызметі, сонымен қатар, халықаралық факторингтік ассоциациялар әзірлеген унификацияланған ережелермен реттеледі. Осындай актілердің ең маңыздысы – International Factors Group (IFG) және Factors Chain International (FCI) сияқты ірі халықаралық факторингтік ассоциациялармен 2002 жылы әзірленген «Халықаралық факторингтің Ортақ ережелері» (General Rules for International Factoring - GRIF) болып табылады. GRIF халықаралық факторингтің екі факторлы моделі кезінде экспорт-фактор мен импорт-фактор арасындағы қатынастарды реттейді. GRIF факторингтік контракт, несиелік тәуекел ұғымдарына түсінік береді, экспорт-фактор мен импорт-фактордың құқықтары мен міндеттерін, дебиторлық берешекті инкассациялау, ақша құралдарын аудару, ақпаратпен және есеппен алмасу, кепілдік беру, дауларды шешу, осы ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті нақтылы толық реттейді. 2002 жылы шілдеде GRIF өз күшіне енгеннен кейін халықаралық операциялардың 90% осы Ережелерге сәйкес жүргізілген [4].

Айта кететін жайт, жалпы факторинг пен халықаралық факторингтің кәсіпкерлік айналымда кеңінен пайдалануына қарамастан, көптеген дамыған құқықтық тәртіптерде ұлттық заңнама деңгейінде факторинг шартын арнайы құқықтық реттеу көзделмеген. Факторингтік операциялары кезінде тараптардың қатынастарын реттеу үшін міндеттемелік құқықтың жалпы нормалары, ең алдымен цессия туралы нормалар қолданылады (европалық континенталды құқық елдерінде). Мысалы, Л.Ю. Василевская: «Германия азаматтық ережесінде

және Германия сауда ережесінде факторинг пен факторингтік операцияларға заңды анықтама берілмеген, ал сот тәжірибесінде тиісінше даулы мәселелерді шешу кезінде міндеттемелер туралы жалпы ережелерге және талап ету құқығын сатып алу-сату шарты бойынша сатушы мен сатып алушының негізгі құқықтары мен міндеттері туралы ережелерге сілтеме жасайды» деп атап көрсетеді [5, 46 б.].

Ресейдегі факторингті құқықтық реттеу мәселесіне келсек, қазіргі таңда ресей заңнамасында «факторинг» ұғымының түсінігі жоқ. Сонымен бірге, Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің екінші бөлімінде негізін факторингтік қатынастары құрайтын, ресейлік құқықтық тәртіп үшін жаңа - ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарттық конструкциясы (РФ Азаматтық кодексінің 43-тарауы) бекітілген. Оған қоса, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты Ресей Федерациясы Азаматтық кодексінде «ол кәсіпкерлік саладағы қаржы мәмілелерінің осы түрімен байланысты қатынастардың кең ауқымын қамтуы үшін» кең түсінікте анықталған [6].

Факторингтің даму тарихы Ресейде 20 жылды қамтиды, оның ішінде тек соңғы 5 жылды шынымен нарықтың даму жылдары деп есептеуге болады. Негізінен, факторингті енгізу тәжірибесі Ресейде 1988 жылы 1 қазаннан Ленинград қаласында Өнеркәсіп құрылыс банкімен жүзеге асырылған, ал 1989 жылдан бастап КСРО-да өзге банктер факторинг операцияларын орындай бастады. Алайда, алғашқы факторинг операциялары өзінің қазіргі мәнінен әлдеқайда алшақ болды. Банктің факторингтік бөлімдеріне тек қана мерзімі өтіп кеткен дебиторлық берешектер ғана берілді, келісімшарт тауар берушімен де, сатып алушымен де жасалды, және тауар берушіге төлемдер төленуін сатып алушыны несиелеу жолымен кепілдік берді. Факторингтік қызмет көрсету бір реттік мәмілелердің сипатында болды [1].

Сол кезеңде факторинг шарты өте кең мағынада қолданылды: ол банк пен тауар беруші арасындағы талапты беру туралы екі жақты келісім ғана емес, банк, тауар беруші және борышқор арасындағы үш жақты келісім, сондай-ақ борышқорға оның қаржылық қиындықтары туындаған жағдайда қаржы беру туралы банктің кепілдемесі ретінде белгіленді. Талапты беру борышқордың білуімен және келісімімен жүзеге асырылды. Сонымен бірге, шарт бойынша талапты беру нысанасы тек мерзімі өтіп кеткен

борыштар болды. Және банкілік салада ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартына банкілік кепілдеме туралы келісімді жатқызды [7, 17 б.].

Кейбір ресей әдебиетерінде «факторинг» термині ресейлік азаматтық айналымда алғаш рет 1980 жылдардың соңында ғана қолданыла бастады деп көрсетіледі. Ал алғашқы факторингтік операциялар КСРО Промстройбанкпен және КСРО ЖилСоцбанкпен 1988 жылы жүзеге асырыла бастады деген мәлімет келтіріледі. Және факторингтік қызмет көрсету бұл мекемелерде сақтандыру, ақпараттық, есептік, консалтингтік қызметтерсіз бір реттік мәмілелер сипатында болғанын атап өтеді [8, 94 б.].

КСРО аумағында факторинг операцияларын жүргізу тәртібін белгілейтін ең бірінші нормативті құжат - «Тауар берушілердің жеткізген тауарлары, орындаған жұмыстары мен көрсеткен қызметтері үшін төлем талаптары бойынша төлем алу құқығын банктерге беру жөнінде операцияларды жүзеге асыру тәртібі туралы» КСРО Мембанкінің 1989 жылғы 12 желтоқсандағы № 252 инструктивті хаты болып табылады. 1992 жылы «Банктер және банк қызметі туралы» Ресейдің Федералдық заңымен факторинг банкілік операциялар мен мәмілелер қатарына енгізіледі. Кейіннен факторингтік операцияларды коммерциялық банктер де жүзеге асыра бастады. Айта кету қажет, алғашқы кезеңде олар өркениетті факторингтік технологиялардың мүлдем жоқтығымен және дебиторлардың нашар төлем тәртібіне тап болады, және ол өз кезегінде бірқатар шығындар әкелетін. Бірақ, 1994 жылы тиісті тәжірибе жинақтап, халықаралық факторинг нарығына шығу үшін, FCI ассоциациясына кірген алғашқы ресейлік банк «Тверь универсалбанк» болды, кейіннен «Мосбизнесбанк» қабылданды. Бірнеше жыл бойы факторингпен Ресейде АҚБ «Менатеп», «Халықаралық мәскеулік банк», және басқалары айналысып келеді. 1998 жылғы дағдарыстан кейін Ресейде факторингтің анық шарықтауы болды, себебі банктерге үлкен пайызбен берілген проблемалық борыштар көп болды [1].

Қазіргі кезде Ресей Федерациясында факторингті қаржылық қызметтің бір түрі ретінде бекітетін келесідей нормативті-құқықтық актілер әрекет етеді:

- Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексі (Екінші бөлім). 1996 жылғы 26 қаңтардағы № 14-ФЗ заңмен қабылданған;

- Ресей Федерациясының Салық Кодексі. (Екінші бөлім). 2000 жылғы 5 тамыздағы № 117-ФЗ заңмен қабылданған;

- «Банктер және банк қызметі туралы» 1990 жылғы 02 желтоқсандағы № 395-1 Федералдық заңы;

- «Жекелеген қызмет түрлерін лицезиялау туралы» 2011 жылғы 4 мамырдағы № 99-ФЗ Федералдық заңы [9, 191 б.].

Атап өту қажет, қазіргі қолданыстағы Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі «факторинг» терминін қарастырмайды, Ресей Федерациясы Азаматтық кодексінің 43-тарауы тек ақшалай талапты беріп қаржыландыру деп аталған. Сонымен бірге, Ресей Федерациясы Азаматтық кодексінің 43-тарауының баптары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің факторинг шартын реттейтін нормаларымен ұқсас келеді. Бір негізгі айырмашылығы, Ресей Федерациясы Азаматтық кодексінің 824-бабында, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты бойынша берілетін талап ету құқығы клиенттің борышқорға тауар беру, жұмыс орындау не қызмет көрсетуінен туындайтын ақшалай талабы деп анықталған [10].

Салыстырмалы түрде Кеден Одағының тағы бір мүшесі - Беларусь Республикасындағы факторинг қызметінің құқықтық негіздерін қарастырып өтейік. Беларусь Республикасының 1998 жылы 7 желтоқсанда қабылданған Азаматтық кодексінде ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты деп аталатын 44-тарау қамтылған, және ол тек бір ғана 772-бапты құрайды. Бұл бап факторингтің нормативтік мазмұнын толық ашпай, тек факторинг түсінігін ғана келтіреді, және соған сәйкес қатынастар тиісті заңнамамен реттеледі деп көрсеткен [11].

Сонымен бірге, заңнамалық деңгейде факторинг қатынастары Беларусь аумағында 2000 жылы 25 қазанда қабылданған Беларусь Республикасының Банк кодексімен реттеледі. Беларусь Республикасының Банк кодексінде ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шартына 19 тарау арналған. Беларусь Республикасының Банк кодексінің 153-бабына сәйкес, ақшалай талапты беріп қаржыландыру (факторинг) шарты бойынша бір тарап (фактор) – банк немесе банкілік емес несиелік-қаржылық ұйым екінші тарапқа (несие берушіге) борышқордың ақшалай талабы сомасын дисконтпен төлеу жолымен несие беруші мен борышқор арасындағы ақшалай міндеттемеге несие беруші жағында түсуге міндеттенеді. Дисконт дегеніміз борышқордың ақшалай міндеттемесі сомасы мен фактордың несие берушіге төлейтін сомасы арасындағы

айырма деп түсініледі. Сондай-ақ дисконт ақшалай міндеттеме сомасына есептелген пайыз түрінде есептелуі мүмкін. Ал Беларусь Республикасының Банк кодексінің 154-бабы факторинг шартын ашық және жабық, ішкі және халықаралық, регрестті және регрессіз деп жіктейді. Сонымен қатар, Беларусь Республикасының Банк кодексінің 19-тарауының тиісті баптарымен факторинг шарты бойынша талапты берудің нысанасы, шарт тараптарының өзара құқықтары мен міндеттері, факторинг шартының түрлері жан-жақты реттелген [12].

Факторинг қатынастарының Қазақстанда пайда болуы жөнінде мәселе бойынша біржақты пікірлер жоқ. Көптеген заң әдебиеттерінде келесідей тұжырым жиі кездеседі: «ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты - құқықтық реттелуі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен енгізілген, азаматтық-құқықтық міндеттеменің жаңа түрі». Бірқатар әдебиеттерде ең алғашқы факторинг операцияларын іске асыру КСРО құрамындағы ҚазССР-де жоғарыда аталған КСРО Мембанкінің 1989 жылғы 12 желтоқсандағы №252 инструктивті хатына сәйкес, 1989 жылдан бері басталған деп есептейді [13, 356 б.].

Жалпы алғанда, факторинг қатынастарын реттейтін заңнаманың қалыптасуы мен даму тарихын шартты түрде 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады.

- 1989-1991 жж. КСРО құрамындағы ҚазССР-де қолданылған актілердің әрекет ету кезеңі (КСРО Мембанкінің 1989 жылы 12 желтоқсандағы инструктивті хаты, 1991 жылдың 25-желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» Заңы);

- 1991-2000 жж. тәуелсіз Қазақстанның азаматтық және банкілік заңнамасының қалыптасу кезеңі (1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Жалпы бөлімінің күшіне енуі, 1999 жылы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің күшіне енуі, 1993 жылы 14 сәуірде «Қазақстан Республикасындағы банктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының қабылдануы, 1995 жылы 17 сәуірде «Лицензиялау» туралы Қазақстан Республикасы заңының қабылдануы, 1995 жылы 24 сәуірде № 2235 «Заң күші бар Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануы, 1995 жылы 31 тамыздағы жаңа «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі

туралы» Қазақстан Республикасы заңының қабылдануы)

- 2000 ж. бастап қазіргі кезге дейінгі кезең, Қазақстанның салық заңнамасын және лицензиялау туралы заңнаманы жетілдіру кезеңі (2001 жылы 12 маусымда Қазақстан Республикасының Салық кодексінің қабылдануы, 2008 жылы 10 желтоқсанда жаңа Қазақстан Республикасының Салық кодексінің, 2007 жылы 11 қаңтарда жаңа «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңының қабылдануы, одан кейін оның күші жойылып, 2014 жылы 16 мамырда № 202-V «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы).

Кеңестік дәуірде экономиканың толық мемлекетпен реттелуіне және кәсіпкерлік қызметтің жоқтығына байланысты, 1963 жылы 28 желтоқсанда қабылданған ҚазССР Азаматтық кодексі факторинг қатынастарын реттеуді қарастырмаған жоқ. ҚазССР АК-де талаптарды беру мен борыштың ауысуы деп аталатын 19-тарау көзделген, оның 197- бабына сәйкес, ол заңға не шартқа қайшы келмеген жағдайда немесе талап несие берушінің жеке басымен байланысты емес болған жағдайда, несие беруші талабын өзге тұлғаға екеуінің келісімі бойынша беруі мүмкін. Яғни, жалпыазаматтық цессия нормалары ғана көзделген [14].

Тәуелсіз Қазақстанда факторинг қатынастары бастапқы кезеңде тек банкілік заңнамада ғана көрініс тапқан болатын, Азаматтық кодекстің қабылдануымен факторинг операцияларының құқықтық негізі қаланды деуге болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімін қолданысқа енгізгенге дейін факторинг тек арнайы банкілік заңнама деңгейінде ғана бекітілді. «Банктер және банк қызметі туралы» ҚазССР 1990 жылғы 07 желтоқсандағы № 385-ХІІ Заңының 21-бабы 8-тармағымен факторинг банк операцияларының бір түрі ретінде саналған және «талап ету құқығын иелену мен қызмет көрсету, талаптарды орындау мен тәуекелдерді қабылдау және осы талаптардың инкассациясы (факторинг)» деп түсіндірілді. Осындай ұстаным келесі қабылданған «Қазақстан Республикасындағы банктер туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі № 2139-ХІІ Заңында да орын алды. Бұл заңның 4-бабында көрсетілген банк операцияларының тізімінде «тауар жеткізу мен қызмет көрсетудегі талап ету құқығын иелену, мұндай талаптарды орындаудағы тәуекелдерді қабылдау және осы талаптардың

инкассациясы (факторинг)» қамтылды [15, 112 б.]. Осылайша, берілген нормативтік-құқықтық актілерде факторинг банкілік қызмет түрі ретінде бекітілген еді.

Бірақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі және «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңының қолданысқа енгізілуімен жағдай өзгерді. Берілген заңның 30-бабының 1-тармағы банкілік және өзге операцияларды жүзеге асыру банкілік қызмет болып табылады деп көрсетеді, және осы баптың 2-тармағы банкілік операциялардың толық тізімін береді. Алайда факторинг олардың құрамына кірмейді. Қазақстан Республикасының 2005.07.08. №72-III Заңымен енгізілген өзгерістерге дейін, факторинг «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 30-бабының 3-тармағында көрсетіліп, банктер мен банкілік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда жүзеге асыруға құқылы операциялар қатарына жатқызылды. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 30-бабына ҚР 2005.07.08. № 72 Заңымен өзгерістер енгізілгеннен кейін, факторинг осы баптың 11-тармағының 6) тармақшасында банктер (осы баптың 2-тармағында көзделген банк операцияларынан басқа) уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда жүзеге асыруға құқылы операциялар ретінде қарастырылады. Яғни, аталған норма тек факторинг операцияларының банктермен жүзеге асыру жағдайларын ғана реттейді [16].

Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 30-бабының 11-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, «факторингтік операциялар - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу» деп анықталған [16].

Айта кететін жайт, жаңадан қабылданған «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағына сәйкес, «қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды беру, қайта ресімдеу, беруден бас тарту, олардың қолданысын тоқтата тұру, тоқтату тәртібін, мерзімдері мен шарттарын Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді». Ал осы заңның 1-қосымшасында «бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) тізбесі» берілген және онда «факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, сатып алушыдан тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеуді талап ету құқықтарын иелену» деп көрсетілген [17]. Демек, факторинг операцияларын жүзеге асыратын банктер қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен лицензияланады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Ерекше бөлімінің 37 тарауы ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты (факторинг) деп аталады. Айта кететін жайт, факторинг шартынан туындайтын қатынастарға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің екінші бөлімі 37 тарауының жеке нормалары да, және оған қоса 339-347 баптарда анықталған талап ету құқығын берудің жалпы нормалары да қолданылады. Мұндай тәртіп Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің өзінде, оның 729-бабы 3-тармағында белгіленген [18].

Сонымен қатар, факторинг қатынастарының құқықтық негізі ретінде 2008 жылы 10 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Салық кодексін қарастыруға болады. Факторинг операциясындағы қаржы агентінің қызметі Қазақстан Республикасының Салық кодексімен реттеледі. Яғни, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 250-бабының 2-тармағына сәйкес, банктер жүзеге асыратын факторингтік операциялар қосылған құн салығынан босатылатын қаржылық қызмет көрсетулерге жатқызылған. Сонымен қатар, банк болып табылмайтын, коммерциялық ұйым нысанында факторинг қызметін көрсететін қаржы агентінің факторингтік операциялары қосылған құн салығынан босатылмаған. Демек, банктерден басқа факторингтік компаниялардың (қаржы агентінің) көрсететін қаржылық қызметінен түсіретін пайда табыстарына салық салу ерекшеліктері Салық кодексінің тиісті баптарымен реттеледі [19].

Жоғарыда жазылған материал негізінде факторинг қатынастарын реттейтін нормаларды қамтитын келесідей нормативтік-құқықтық актілерді бөліп көрсетуге болады:

1) «Халықаралық факторинг туралы» УНИДРУА Конвенциясы. Қазақстан қатыспайды, келешекте осы халықаралық актіге қосылуы мүмкін.

2) «Халықаралық саудада дебиторлық

берешекті беру туралы» ЮНСИТРАЛ Конвенциясы. Қол қою үшін 2001 жылы 16 қарашасында Кейптаун қ. ашылған. Қазақстан қатыспайды.

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл 30 тамыз.

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ қаулысымен қолданысқа енгізілді.

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі.

6) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-ІV Кодексі.

7) «Қазақстан Республикасындағы банктер

және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңы.

8) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңы.

Тәуелсіз Қазақстанда факторинг қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер саны көп емес. Сондықтан, факторингті құқықтық реттеу жан-жақты әрі терең анализ жасау жолымен жаңа құқықтық нормалар енгізуді, факторинг қатынастарын толық, әрі жан-жақты реттейтін сапалы заңнама қалыптастыруды қажет етеді, бұл өз кезегінде факторингтің одан әрі дамуына сөзсіз септігін тигізеді. Әсіресе, қазіргі таңда Кеден Одағы шеңберінде халықаралық факторинг қатынастарын реттеуді құқықтық қамтамасыз ету зор маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. История развития и современная мировая практика факторинга. Официальный сайт рейтингового агентства «ЭКСПЕРТ РА» // <http://www.raexpert.ru/researches/factoring/>
2. UNIDROIT Convention on International Factoring (Ottawa, 28 May 1988). Жеке құқықты унификациялау жөніндегі Халықаралық институт (УНИДРУА) ресми сайты // <http://www.unidroit.org/instruments/factoring>
3. United Nations convention on the assignment of receivables in international trade (New York, 2001). БҰҰ халықаралық сауда құқығы бойынша Комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) ресми сайты // http://www.uncitral.org/uncitral/en/uncitral_texts/security/2001Convention_receivables.
4. Factors Chain International Annual Review 2007. P. 7. «Factors Chain International» халықаралық факторингтік ассоциациясының ресми сайты // <http://www.factors-chain.com>
5. Василевская Л.Ю. Факторинг в России и Германии: особенности договорных конструкций // Право и политика. 2003. № 12. С. 46-47.
6. Гражданский кодекс Российской Федерации. Часть вторая: Текст, комментарии, алфавитно-предметный указатель / Под ред. О.М. Козырь, А.Л. Маковского, С.А. Хохлова. М., 1996. С. 438 (автор раздела - А.С. Комаров). С. 442.
7. В направлении к цивилизации: Интервью с М. Трейвишем // Вестник НАУФОР. 2001. № 3. С. 17.
8. Новоселова Л.А. Финансирование под уступку денежного требования // Вестник ВАС РФ. 2001. № 6. С. 94.
9. Качер О.В., Ковязин В.В., Кондрат Е.Н. Становление и развитие законодательства, регулирующего договор финансирования под уступку денежного требования (факторинга) // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. 2006. № 4 (32). С. 187-192.
10. Гражданский кодекс Российской Федерации. Часть вторая. Принят 26 января 1996 года, № 14-ФЗ // <http://www.grazkodeks.ru/statia/gzk-glava-43/gz-statia-824/>
11. Гражданский кодекс Республики Беларусь, 7 декабря 1998 года, № 218-3 // Национальный центр правовой информации Республики Беларусь. // <http://www.pravo.by/main.aspx?guid=3871&p0=hk9800218&p2={NRPA}>
12. Банковский кодекс Республики Беларусь, 25 октября 2000 года, № 441-3 // Национальный центр правовой информации Республики Беларусь. // <http://www.pravo.by/main.aspx?guid=3871&p0=hk0000441&p2={NRPA}>
13. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. - Алматы: Жеті Жарғы, 2009.-552 бет.

14. Қазақ ССР-нің азаматтық кодексі [Текст] : (1988 жылдың 1 қаңтарына дейінгі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ресми текст). - Алматы : Қазақстан, 1989. - 264 б.
15. Галинская Ю.В. Теоретические и практические аспекты института цессии по законодательству Республики Казахстан: дисс. ... канд. юрид. наук. Алматы, 2009. 140 с.
16. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 Заңы // Банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының құқықтық актілері жиынтығы. Алматы, Юрист, 2005, 251 б.
17. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000202#z244>
18. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсандағы Жалпы бөлімі және 1999 жылғы 1 шілдедегі Ерекше бөлімі) – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 296 б.
19. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2009. - 468 б.



Мақала ақшалай талапты беріп қаржыландырудың бір түрі факторинг қызметінің құқықтық негіздеріне арналған. Автор факторинг туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының қалыптасу және даму үрдісін талдайды. Мақалада факторинг қызметін реттейтін халықаралық актілер, Қазақстан Республикасының заңнамасы зерттеледі. Сондай-ақ, факторинг қызметін реттеу саласындағы Ресей Федерациясы және Беларусь Республикасының заңнамаларының салыстырмалы сипаттамасы келтіріледі.

Түйін сөздер: факторинг туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы, ақшалай талапты беріп қаржыландыру шарты, факторинг қызметі, факторинг қатынастары, факторинг қатынастарын құқықтық реттеу.

Данная статья посвящена правовым основам одного из видов финансирования под уступку денежного требования – факторинга. Автор анализирует процесс становления и развития законодательства Республики Казахстан о факторинге. В статье исследуются международные акты, законодательство Республики Казахстан, которые регулируют факторинговую деятельность. Также приведена сравнительная характеристика законодательства Российской Федерации и Республики Беларусь в сфере регулирования факторинговых отношений.

Ключевые слова: законодательство Республики Казахстан о факторинге, договор финансирования под уступку денежного требования, факторинговая деятельность, факторинговые отношения, правовое регулирование факторинговых отношений.

This article is devoted the legal bases of one of the types of financing receivable financing - factoring. The author analyzes the process of formation and development of the legislation of Kazakhstan on factoring. The article examines the international acts, the legislation of the Republic of Kazakhstan that regulate factoring business. Also, provides a comparative characteristics of legislation of the Russian Federation and the Republic of Belarus in sphere of regulation of factoring relations.

Keywords: legislation of the Republic of Kazakhstan about factoring, contract of financing against the assignment of a monetary claim, factoring activities, factoring relations, legal regulation of factoring relations.

Айжан Зинғалиқызы Аманғалиева,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің «Құқық және басқару негіздері» кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

Факторинг қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы

Амангалиева Айжан Зингалеевна,
преподаватель кафедры «Основы права и управления» социально-гуманитарного факультета
Казахского государственного женского педагогического университета, магистр юридических наук
Законодательство Республики Казахстан, регулирующее факторинговые отношения

Amangaliyeva Aizhan Zingaleevna,
teacher of Department of the law and governance framework of the Social and humanitarian faculty of
the Kazakh state women's teacher training university, Master of legal sciences
The legislation of the Republic of Kazakhstan, regulating factoring relationship

